

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

Нұрғалиева Мөлдір Мақсатқызы

Тақырыбы: “ Қызылорда облысы Шиелі ауданы Нартай ауылын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында, жер асты суларын $432\text{м}^3/\text{тәул}$ көлемінде алдын ала барлау және C_1+C_2 санатында пайдалану қорларын бағалау ”



**Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Мамандығы 5В070600 – Геология және пайдалы кен қазба орындарын барлау

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Мұнай және газ геологиясы

PhD доктор, ассоц профессор

_____ Т.А.Енсеппбаев

“ _____ ” _____ 2020ж.

**Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: “ Қызылорда облысы Шиелі ауданы Нартай ауылын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында, жер асты суларын $432\text{м}^3/\text{тәул}$ көлемінде алдын ала барлау және C_1+C_2 санатында пайдалану қорларын бағалау ”

Мамандығы 5В070600– Геология және пайдалы кен қазба орындарын барлау

Орындаған

Нұрғалиева М. М.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші
_PhD, лектор

 _ Макымжанова А. Т.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

Мұнай және газ геологиясы

PhD доктор, ассоц профессор

_____ Т.А.Енсеппбаев

“ _____ ” _____ 2020ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Нұрғалиева Мөлдір Мақсатқызы

Тақырыбы : “ Қызылорда облысы Шиелі ауданы Нартай ауылын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында, жер асты суларын $432\text{м}^3/\text{тәул}$ көлемінде алдын ала барлау және C_1+C_2 санатында пайдалану қорларын бағалау ”

Университет Ректорының 2020 жылғы “27” 01 № 762-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *2020 жылғы* “ _____ ” _____

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: У.М.Ахмедсафин атындағы «Гидрогеология және геоэкология» ЖШС алынды.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) ауданның геологиялық құрылымы

б) ауданның гидрогеологиялық жағдайы

в) Өмір тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары

г) жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)






Сызба материалдарын тізімі: жұмыс ауданының және учаскесінің гидрогеологиялық картасы, фактілік материалдар картасы, жерасты сулары пайдалану қорларын есептеу жоспары, № 2418 ұңғыманың геологиялық-техникалық қимасы презентация слайдтарында көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 17 атау.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлім	11.03.20ж-19.03.20ж	
Геологиялық бөлім	20.03.20ж-7.04.20ж	
Жобалық бөлім	08.04.20ж-18.04.20ж	
Арнайы бөлім	19.04.20ж-10.05.20ж	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлім	Макыжанова А.Т PhD, лектор	30.03.2020	
Геологиялық бөлім	Макыжанова А.Т PhD, лектор	17.04.2020	
Жобалық бөлім	Макыжанова А.Т PhD, лектор	30.04.2020	
Арнайы бөлім	Макыжанова А.Т PhD, лектор	08.05.2020	
Норма бақылау	Құдайберді Ж.С. Тьютор, жаратылыстану ғылымдарының магистрі	19.05.2020	

Ғылыми жетекші



Макыжанова А.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алу



Нұрғалиева М.М.

Күні

"20" мамыр 2020ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты- Қызылорда облысы Шиелі ауданы Нартай ауылын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында, жер асты суларын 432м³/тәул көлемінде алдын ала барлау және С₁+С₂ санатында пайдалану қорларын бағалау болып табылады.

Жобалық жұмыс ауданның жалпы географиялық-экономикалық сипаттамасын, бұрғылау жұмыстарын, гидрогеологиялық және зертханалық зерттеулерді, тәжірибелік-сүзу жұмыстарын кіріктіреді. Сонымен қатар, осы жобаны жүзеге асыру кезеңінде режимдік бақылауды жүргізу жоспарын қамтиды.

АННОТАЦИЯ

Целью дипломной работы является предварительная разведка и оценка эксплуатационных запасов подземных вод категории С₁+С₂ в объеме 432 м³/сут с целью хозяйственно-питьевого водоснабжения села Нартай Шиелийского района Кызылординской области.

Проектная работа включает в себя общую географо-экономическую характеристику района, буровые работы, гидрогеологические и лабораторные исследования, опытно-фильтрационные работы. Так же, представлен план проведения режимного контроля на период реализации данного проекта.

ABSTRACT

The purpose of the thesis is a preliminary exploration and assessment of operational reserves of underground water of category C₁+C₂ in the amount of 432 m³/day for the purpose of drinking water supply of the village of Nartay in Shieli district of Kyzylorda region.

This project work includes the General geographical and economic characteristics of the area, drilling operations, hydrogeological and laboratory research, experimental and filtration works. The plan of regime control for the period of implementation of this project is also presented.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Жалпы бөлім	8
1.1	Жобаланған жұмыстардың мақсаты	8
1.2	Жұмыс ауданының географиялық-экономикалық сипаттамалары	8
2	Геологиялық бөлім	10
2.1	Стратиграфиясы	10
2.2.	Тектоникасы мен геоморфологиясы	10
2.3	Жұмыс учаскенің геологиялық құрылымы	11
2.4	Жұмыс учаскенің гидрогеологиялық жағдайы	12
3	Жобалық бөлім	14
3.1	Жобаланған жұмыстардың негізгі тапсырмалары	14
3.2	Жобалау жұмыстарының негізгі мақсаты	15
3.3	Тау-кен және бұрғылау жұмыстары	15
3.4	Геофизикалық жұмыстар	24
3.5	Тәжірибелік-сүзілулік жұмыстары	27
3.6	Режимдік бақылаулар	30
3.7	Сынамалау жұмыстары	30
3.8	Зертханалық жұмыстар	33
3.9	Топо-геодезиялық жұмыс	34
4	Арнайы бөлім	35
4.1	Негізгі гидрогеологиялық параметрлерді есептеу	35
4.2	Табиғи ресурстарды бағалау	37
4.3	Табиғи қорларды бағалау	38
	Қорытынды	40
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	41
	А қосымшасы Жұмыс учаскесінің шолу картасы	42
	Б қосымшасы Эрлифті есептеу кестесі.	43
	В қосымшасы Ұңғыма конструкциясы	45
	Г қосымшасы 1БА-15 бұрғылау қондырғысы	45
	Д қосымшасы Ауырлатылған бұрғылау құбырлары Екі зонды нейтрондық және гамма-	46
	Е қосымшасы каротаж ұңғыма аспабы КарСар 2НК- 73-АК	47
	Ж қосымшасы Зертханалық жұмыстар	48
	И қосымшасы Жұмыстың физикалық көлем түрлері	49
	К қосымшасы Табиғи ресурстарды бағалау кестесі	51
	Л қосымшасы Жобаның сметалық бөлімі	52

КІРІСПЕ

ҚР су кодексі ішуге жарамды жер асты суларын сулы ресурстардың ең құнды бөлігі ретінде анықтап, тұрмыстық ауыз суы ретінде қолдануы керек екендігі жайлы айтады. Сондықтан жер асты суларының одан әрі дамуының жобасы ішкі ауыз су қажеттіліктерінің ұзақ мерзімді болжауына негізделуі керек және осы қажеттілікті бағалау және жер асты суларының ресурстарыен салыстыру жүргізу керек.

Дипломдық жобаның мақсаты Қызылорда обылысы Шиелі ауданы, Нартай ауылын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жер асты суларын 432 м³/тәул көлемінде алдын-ала барлау және С₁+С₂ санаттағы пайдалану қорын бағалау.

Қойылатын негізгі талаптар гидрогеологиялық жұмыстар келешегі бар сулы горизонттың анықталуы және, ауыз су қажеттіліктеріне арналған табиғи судың химиялық құрамын анықтау.

1. Жалпы бөлім

1.1 Жобаланған жұмыстардың мақсаты

1) Жобаланатын жұмыстардың мақсатты Қызылорда облысы Шиелі ауданы, Нартай ауылын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жер асты суларын $432 \text{ м}^3/\text{тәул}$ көлемінде алдын-ала барлау және C_1+C_2 санаттағы пайдалану қорын бағалау.

2) Жұмыстың негізгі бағалау параметрлері:

- Жер асты суларының орналасуы
- Перспективті сулы горизонттың қалыңдығы
- Оның таралу учаскесі
- Ұнғымалар шығыны
- Денгейдің төмендеуі
- Жер асты суларының минералдануы және химиялық құрамы.

1.2 Жұмыс ауданының географиялық-экономикалық сипаттамалары

Нартай жер асты сулары кен орны Қызылорда облысы Шиелі ауданының құрамына кіреді, номенклатура территориясының L-42-XXXII-XXXIII беттерінде орналасқан. Нартай ауылының координаталары: с.е. $44^{\circ}11'33''$ ш.б. $66^{\circ}46'55''$ Қызылордадан оңтүстік-шығысқа қарай 125 км жерде, Сырдарияның оң жағалауындағы жазықта (негізгі арнадан 16 км жерде) орналасқан.

Ауыл орталығы –Шиелі кентінен солтүстік -шығысқа қарай 2 км жерде, Шиелі-Телікөл жусан, баялыш, ши аралас өскен құрақты-қамысты аңғарында орналасқан. (сурет: 1.1)

(А ҚОСЫМШАСЫ)

Климаты. Сипатталған учаске Қызылқұм шөлінде орналасқан, оған жылдық және тәуліктік температураның жоғары амплитудалары, қыста қар аз, ылғалды және жазда ыстық, шұғыл континентальды климат тән. Жауын-шашын. Атмосфералық жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 189 мм құрайды. Ең суық ай қаңтар, ең жылы – шілде. Орташа айлық температурасы сәйкесінше - $15,8 \text{ }^{\circ}\text{C}$ $+26,2 \text{ }^{\circ}\text{C}$ құрайды. Қар жамылғысы сипатталған учаскеде жыл сайын дерлік пайда болады, бірақ оның қуаты үлкен емес және 1-2 см-ден 25 см-ге дейін ауытқиды, тек жекелеген жылдары тау бөлігінде 40-50 см-ге жетеді. Жел жұмыс учаскесінде жел өте жиі, олардың жылдамдығы орташа 2,1-4,2 м/с құрайды, кейде жел дауыл күшке жетеді. Желдің басым бағыты солтүстік-шығыс. Ауаның абсолюттік ылғалдылығы жыл мезгілдері бойынша өзгереді. Оның ең аз шамасы қаңтар-ақпанда байқалады – 1,3-4,5 мб, ең көбі шілдеде - 12,3-14,9 мб.

Гидрографиялық желі. Сипатталған учаскеде аса қуатты су артериясы бар жалғыз, тұрақты ағысы бар Сырдария өзені бөлінеді. Өзен жұмыс учаскесінің оңтүстік-батысынан ағып өтеді. Өзен көктемде жаңбыр және еріген қар суын, жазда Тянь – Шань биік таулы мұздықтарын қабылдайды. Зерттелетін учаске шегіндегі өзеннің ені 200-ден 500 м-ге дейін, орташа тереңдігі 3,0-4,5 м.

Учаскенің таулы бөлігінің гидрографиялық желісі қалың және қатты тармақталған. Өзен режимі шұғыл маусымдық ауытқуларға ұшырайды. Су тасқыны кезіндегі өзендердің шығыны қыстан кейін 2,4 м³/с-тан 11,4 м³/с-қа дейін ауытқиды. Жазғы уақытта өзендердің шығындары тау бөктеріндегі жазыққа шыққан кезде 0,01-0,05 м³/с дейін қысқарады.

Экономикасы. Нартай ауылы Қызылорда облысының ірі өнеркәсіптік-аграрлық өңірлерінің бірі. Учаске табиғи уран қорына, дала шпаты, кварц құмдарына, сондай-ақ бақша, көкөніс, жүзім, жеміс, күріш өсіретін құнарлы жерлерге бай. Ауылда мал шаруашылығы және Өсімдік шаруашылығы дамыған. Ауыл маңында 2019 жылдың сәуір айында бірлескен қазақстан-қытай компаниясы "Иркөл" уран кен орнын игеруді бастады. Өндіру жер асты ұңғылап шаймалау әдісімен жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, Нартай ауылында учаскесінде "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК "Құрамына кіретін №6 кен басқармасына тиесілі "Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын" Уранды жерасты шаймалау кен орындары бар Қызылорда облысында өнеркәсіп, түсті металдар (Шалқия кеніші), тамақ өнімдерін өндіру, тоқыма, тігін, өндіру салалары дамыған.

2. Геологиялық бөлім

2.2 Стратиграфия

Палеозой тобы

Девон жүйесі - (D₂₋₃ tl)

Батыс Қаратау жотасының оңтүстік-батыс бөлігін құрайтын Девон жүйесінің шөгінділері ізбестастар және жіктастар тұрады. Қабат қалыңдығы 890-1155 м-ді құрайды.

Жоғарғы бөлім - (D₃fm)

Фамен қабатшасы

Жүйенің шөгінділері доломит, ізбестастар және жіктастармен көрсетілген. Шөгінділердің қуаты 700-1200м-ді құрайды.

Мезозой тобы

Бор жүйесі - (K₂)

Жоғарғы бөлім

Кіші учаскілерінде жоғарғы бор шөгінділері Батыс Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейлерінде жер бетіне шығады. Бұл шөгінділер негізінен қызыл, қызғылт-сұр, ашық-қызыл, шие-қызыл құмдар, саздар түрінде кездеседі.

Жоғарғы Борлы шөгінділердің қуаты батыс Қаратау жотасының шегінен оңтүстік-батыс бағытта 270м-ге дейін созылады.

Кайнозой тобы

Палеоген жүйесі –(P₂)

Эоцен

Эоценнің шөгінділері зерттелетін учаскісі шегінде кең таралған. Олардың құрамында фауна мен фосфориттің мол қосылыстары бар, ашық-сұр саздары кездеседі. Орта эоценді шөгінділердің қуаты солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 150 м дейін өседі.

Неоген-төрттік жүйесі-(N₂-Q₁)

Сипатталған учаскіде жоғарғы-төрттік бөлімнің шөгінділері барлық жерде таралған. Литологиялық бөлім құмдармен, құмдақ және саз линзалары қабықтарымен ұсынылған. Плиоцен шөгінділерінің жалпы қуаты 100-150 метрге жетеді.

2.2 Тектоникасы мен геоморфологиясы

Қарастырылып отырған аудан Орал-Сібір эпипалеозой платформасының Туран плитасының шегінде орналасқан. Оның басым бөлігін Қызыл-Құм ойпаты алады. Учаскінің солтүстік-шығыс бөлігіне батыс Қаратау жотасының солтүстік бөлігінің оңтүстік-батыс баурайы кіреді. Солтүстік Қаратау құрылысында төрт жыныс кешені бөлінеді, олар докембрий, каледон, герцинский және альпілік даму кезеңдеріне сәйкес

келеді және тиісінше 4 құрылымдық қабат құрайды. Палеозой жыныстарының тектоникалық құрылымы бірдей емес. Палеозой жыныстарында ірі сырғулар, төгінділер және көптеген ұсақ тектоникалық бұзылыстар кездеседі.

Геоморфология. Шығыстан және солтүстіктен сипатталған учаскі шегіне батыс Қаратау жотасының солтүстік-батыс сілемдері кіреді. Тау бөктеріндегі жазық біртіндеп сипатталған учаскесінің көп бөлігін алатын Сырдария өзенінің аллювиальды шөгінді жыныстарына өтеді. Жазықтың беті жалпақ және оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай сәл қисайған. Абсолюттік белгілер осы бағытта 170-тен 152 метрге дейін төмендейді. Жер бедерінің тектоникалық құрылысымен байланыс сипаты бойынша сипатталған учаскеде екі ірі құрылымдық-геоморфологиялық учаскіде бөлінеді: батыс Қаратау жотасының солтүстік-батыс бөлігінің тасты жиынтық көтерілу ауданы және Сырдария синеклизінің солтүстік-шығыс бөлігі ойпаттар жазық учаскелердің рельефінде көрсетілген.

2.3. Жұмыс учаскенің геологиялық құрылымы

Бор жүйесі –K₂

Жоғарғы бөлім

Батыс Қаратау жотасының геологиялық-құрылымдық ерекшеліктері өте күрделі. Мұнда теңіз шөгінділерінің континентальды жағдайларының нақты өзгеруі жоқ. Сондықтан, жауын-шашынның стратиграфиялық бөлінуі өте қиын. Осыған байланысты осы есепте жоғарғы Борлы шөгінділер бірге сипатталады.

Кіші учаскіде жоғарғы бор шөгінділері батыс Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейлерінде жер бетіне шығады. Одан оңтүстік-батысқа қарай жоғарғы бор шатыры күрт батады. Бұл шөгінділер негізінен қызыл, қызғылт-сұр, ашық-қызыл, шие-қызыл құмдар, және саздар кездеседі. Палеозой шөгінділерінің шайылған бетінде олар бұрыштық келіспейді. Сипатталған учаскінің тау бөктеріндегі жоғарғы Борлы шөгінділер бөлігінде құмтас (60-80%) басым орын алады. Жоғарғы Борлы шөгінділердің қуаты батыс Қаратау жотасының шегінен оңтүстік-батыс бағытта 260м-ге дейін созылады.

Учаскінің геологиялық құрылымына борлық, палеогендік, неогендік - төрттік жастағы жыныстар қатысады.

Палеогенді жүйе

Эоцен P₂

Эоценнің шөгінділері зерттелетін учаскі шегінде кең таралған, олар батыс Қаратау жотасының етегіне жақын шағын дақтар түрінде күндізгі бетіне шығады. Шөгінділер төменгі эоценды саздарға біртіндеп көшуге сәйкес жатыр. Олар құрамында фауна мен фосфорит мол қосылыстары бар сұр, ашық-сұр саздары бар.

Орта құнды шөгінділердің қуаты солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 150 м дейін өседі.

Неоген-төрттік жүйе N₂-Q₁

Жоғарғы-плиоцендік бөлім

Сипатталған учаскіде жоғарғы-төрттік бөлімнің шөгінділері барлық жерде таралған. Батыс Қаратау жотасы ерекше болып табылады. Батыс Қаратау және оның тау бөктеріндегі бөлігі. Тау бөктеріндегі жазықтың жекелеген учаскелерінде (Майтөбе бөктерінен оңтүстік-батысқа қарай және Жаңақорған кентінен шығысқа қарай) олар күндізгі бетке шығады. Генезис бойынша аллювиальды, аллювиальды-пролювиальды, деллювиальды-пролювиальды және күл болып бөлінеді. Литологиялық бөлім құмдақтар құмдар саз және саз линзалары қабаттарымен ұсынылған. Плиоцен шөгінділерінің жалпы қуаты 100-150 метрге жетеді.

2.4. Жұмыс учаскесінің гидрогеологиялық жағдайы

Учаскіде бір су тұтқыш көкжиек және екі су тірек қабатпен сипатталған Бор жүйесі –K₂

Кешен барлық жерде таралған. Жиделі кен орны учаскесіндегі шөгінділердің жиынтық қуаты 260 метрге дейін өзгереді, оның ішінде тиімді шығыстан батысқа қарай 260 метрге дейін өседі. Жер асты сулары жер үсті өзен және тасқын суларынан, атмосфералық жауын-шашыннан, суару жүйелерінен қоректенеді. Стационарлық бақылау деректері бойынша деңгейдің жалпы өңірлік төмендеуі батыс бағытта байқалады. Кешеннің су сыйымдылығы алаң бойынша біркелкі емес және көкжиек қуатының ұлғаюына қарай өседі. Ең жоғарғы дебит 18-12,5 дм³/с шегінде тәжірибелі жеке су тарту бойынша алынды, ең жоғарғы төмендеу 21,0-26,4м. Жер асты суларының сульфатты-гидрокарбонатты, гидрокарбонатты-сульфатты құрамы бар, катиондардан натрий, кейде кальций басым. Жер асты суларының температурасы 15,5-18°С. Есептік деректер бойынша судағы уытты элементтердің болуы (селен, бериллий, уран, радий, стронций тұрақты және стронций, мышьяк, мыс, мырыш, фтор және т.б.) қолданыстағы СанЕнЖ бойынша рұқсат етілген концентрациялардан әлдеқайда төмен.

Эоцен су тірек жыныстары P₂

Эоценнің шөгінділері зерттелетін учаске шегінде кең таралған, олар жұмыс учаскесінде жер бетіне шықпайды. Шөгінділер төменгі эоцендік саздарға біртіндеп көшуге сәйкес жатыр. Олар құрамында фауна мен фосфорит мол қосылыстары бар сұр, ашық-сұр саздары бар.

Орта құнды шөгінділердің қуаты солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 150 м дейін өседі.

Жоғарғы борлық сулы жыныстар кешені K₂

Сенон, Турон қабаттарының шөгінділеріне негізделген сулы жоғарғы Борлы кешен батыс Қаратау жотасын қоспағанда, сипатталған учаскіде жаппай таралған. Су тұтқыш кешеннің қуаты оңтүстік-батыс бағытта 10-нан 260 метрге дейін өседі. Құрамында су бар жыныстар ұсақ және әртүрлі құмдар, балшықтың қабатымен бөлінген цементтелген құмдар болып табылады. Пьезометриялық деңгейлер жер бетіне жақын орнатылы, 1,86 м-ден 5 м-ге дейін өзгереді. Су беру кешенінің су сыйымдылығы әртүрлі. Тау етегіндегі ұңғымалардың шығыны 1,0-33,3м төмендеген жағдайда, тиісінше шығын 0,3-тен 4,6 дм³/с-қа дейін ауытқиды. Сипатталған учаскенің басым бөлігінде кешен суының сапасы бойынша 0,5-1,0 г/дм³ минералдануы тұщы болады. Судың химиялық құрамы бойынша гидрокарбонатты-сульфатты және сульфатты-гидрокарбонатты кальцийлі-натрийлі. Температура-15°С-тан 36°С-қа дейін өзгеріп отырады.

3. ЖОБАЛЫҚ БӨЛІМ

3.1 Жобаланған жұмыстардың негізгі тапсырмалары

Нартай ауылында сумен жабдықтау көздерін табудың алдын ала барлау кезеңінде мынадай міндеттер қойылған:

1 Жұмыс орнындағы геологиялық (табиғи) жағдайды зерттеу:

- Бақылау нүктелерінің әрқайсысының (рельеф, өсімдіктер, су көрінісі, адамның шаруашылық қызметі) сипаттамасы;

- Жер үсті суларынан қысқартылған химиялық талдау және бактериологиялық талдау үшін судан сынама алу;

2 Сулы гидрогеологиялық жағдайды зерттеу:

- Ылғалдылықты, жер асты суларының деңгейлерің, суда болатын шөгінділердің литологиялық құрамы.

- Перспективті сулы горизонттағы нашар су өткізетін саздақтар мен саздардың қабатының қалыңдығы мен таралу учаскесін зерттеу;

- Сулы горизонттың пайда болуы мен таралу жағдайы;

- Жұмыс учаскесін жер үсті суларымен, жоғарғы қабаттағы төрттік шөгінділердегі N_2-Q_1 сулы гидравликалық байланыстың болуын және сипатын зерттеу;

- Жұмыстың орнында және учаскеде сулы гидрогеологиялық параметрлердің

сузу қасиеттерін зерттеу және оларды айқындаудың негізгі заңдарын түсіндіру;

- Жерасты суларының химиялық, бактериологиялық құрамы мен минералдануын зерттеу;

- Жұмыс учаскесінде жер асты суларының қалыптасу шарттары мен шекаралас шарттарының анықталуы;

- $C_1 + C_2$ санаттары бойынша жер асты суларының эксплуатационды қорларына

жалпы баға беру;

1 Жер асты және жер үсті суларының режимін зерттеу:

- Оларды қалыптастырудың негізгі режимін қалыптастыратын факторларды белгілеу;

- Жер асты суларының режимдік өзгерістерін болжау;

- Гидрогеологиялық параметрлерді, режимдібарлау деректеріне сәйкес баланстық элементтерді анықтау;

1 Жер асты сулары мен жер үсті суларынан эксперименттік жұмыстар мен сынамалы су тарту кезінде үлгілерін алу.

2 Судың сапасын анықтау, бактериологиялық құрамы мен судың химиялық қасиеттерін зерттеу.

Алдын ала кезеңінде міндеттерді шешу үшін жер үсті ағындары бойынша қосымша гидрометриялық барлау, сондай-ақ бұрғылау, экспериментальдық, зертханалық, камералдық жұмыстар, режимдік байқау,

жер үсті геофизикалық операциялар және ұңғымалық геофизика бойынша жұмыстар жиынтығы әзірленуде.

3.2 Жобалау жұмыстарының негізгі мақсаты

Жобада аталған міндеттерді шешуге бағытталған, жұмыстар қарастырылған.

Бұрғылау жұмыстары

Мақсаты: қиманы ашу арқылы литологияны оқып, және онда әртүрлі жұмыстарды орындау.

Геофизикалық жұмыстар

Мақсаты: Сулы горизонттың физика-геологиялық моделінің негізгі параметрлерін жарықтандыруға байланысты гидрогеологиялық міндеттерді шешу.

Эксперименттік сүзгілеу жұмыстары

Мақсаты: Негізгі гидрогеологиялық параметрлерді анықтау.

Режимдік барлау

Мақсаты: Табиғи және бұзылған жер асты суларының режимін зерттеу.

Тестілеу және зертханалық жұмыстар

Мақсаты: Жер асты суларын бағалау және сапалық сипаттау үшін барлық жобалық жұмыстардан іріктеу;

Жерасты суларының сипаттамаларын зертханалық талдау арқылы алу;

Топогеодезиялық жұмыстар

Мақсаты: Профильдерді, топографиялық карталарды және т.б. құрастыру және барлау жұмыстарын жүргізу үшін аудан мен биіктікке арналған анықтамалық нүктелерді барлау

Тыңғылықты бөлмедегі жұмыс

Мақсаты: Дала зерттеулерінің нәтижелерін өңдеу

3.3. Тау-кен және бұрғылау жұмыстары

Бұрғылау жұмыстарының мақсаты сулы горизонттарды ашу, су өткізетін тау жыныстарының литологиялық құрамын зерттеу және су тарту аймағының гидрогеологиялық жағдайын анықтау болып табылады.

Міндеттері:

Сулы қабаттың құрылысын, қалыңдығын және жағдайын зерттеу;

- Жер асты суларының деңгейін зерттеу;
- Су өткізетін тау жыныстарының литологиялық құрамын зерттеу;
- Жер асты суларының пайда болу жағдайларын зерделеу;

Ұңғыма түрлерін негіздеу

Барлау ұңғымалары жер асты сулары кен орындарының перспективті учаскелерін барлау процесінде оларды неғұрлым егжей-тегжейлі гидрогеологиялық зерттеу және халық шаруашылығын пайдалану немесе игеру жағдайларын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Барлау ұңғымаларының компресор көмегімен жабдығымен анықталады, ол сору кезінде мүмкін болатын дебиттерге сүйене отырып таңдалады.

Жобада барлық қуаттылыққа су тұтқыш горизонтты ашу қарастырылғандықтан, ұңғыманың тереңдігі 192 м құрайды.

Барлау ұңғымаларының саны, орташа шығынның (371,4 м³/тәул) қажеттілікке (432 м³/тәул) қатынасы бойынша анықталады. Осы алынған мәліметтерге сүйеніп, ұңғыма санын мына формула арқылы есептеуге болады:

$$n = \frac{Q_{\text{қаж}}}{Q_{\text{орт}}} = \frac{432}{371,4} = 1,9 \approx 2 \text{ ұңғыма} \quad (3.3.1)$$

Бұрғылау жұмыстарын жүргізудің шарттары

Су сіңіргіш жыныстардың тұрақты қалыңдығы мен құрылымдық және сүзгілік қасиеттерінің үйлесімділігіне байланысты жұмыс учаскесі қарапайым гидрогеологиялық жағдайларға ие, барлық ұңғымаларда жер асты суларының химиялық құрамы бір-біріне жақын, сондықтан гидрогеохимиялық жағдайлар да қарапайым.

Сондай-ақ, тау жыныстарының бұрғылау санатын ескеру қажет. Өйткені перспективті сулы горизонттар құмдар мен саздардан тұрады, бұл жыныстар бұрғылаудың I-III санатына жатады.

Мұнда: $l_{\text{жаб}}$ -ұңғыма сағасынан сулы горизонтқа дейінгі тереңдік. $l_{\text{жаб}}=171\text{м}$.

$l_{\text{с}}$ - сүзгінің ұзындығы. $l_{\text{с}}=11,7\text{ м}$.

$l_{\text{тұм}}$ -тұмбаның ұзындығы

$l_{\text{тұмба}}=7\text{ м}$.

$l_{\text{ұңғ}}=172+11,3+7+2=192\text{ м}$

Сүзгінің үстінгі бөлігі-2м, тұндырғыш-7м, сүзгінің ұзындығы-11,3м, ұңғыманың тереңдігі 192м, сулы гаризонт қалыңдығы-26м.

Бұрғылау әдісін таңдау және негіздеу

Бұрғылау тәсілін таңдау зерттелетін сулы горизонттың литологиясына, бұрғылау тереңдігіне байланысты жүргізіледі. Жобада жұмыс ауданының гидрогеологиялық жағдайы жақсы зерттелген. Перспективалы сулы деңгейжиек бұрғылау бойынша жыныстардың I-III санатына жататын құм саз қабаттармен ұсынылған, ұңғыманың тереңдігі 192м, сулы горизонт қалыңдығы-26метр.

Экономикалық тұрғыдан қарағанда тура жуу мен бұрғылаудың роторлық тәсілін таңдау неғұрлым тиімді.

Сүзгі түрін таңдау және негіздеу:

Сулы горизонттың сулы қабаттарының литологиялық құрамын, сондай-ақ бұрғылау тереңдігін ескере отырып, ұңғымаларда құбырлы перфорирленген сеткалы сүзгі таңдадық. Сүзгінің құбыр бойымен орнатылатындығына негізделе отырып, сүзгінің диаметрін ол эксплуатационды бағана бойына перфорирленген тесікшелер салынады оның сыртына сетка кигізіледі таңдау керек.



Сурет 3.3.2 - Перфорирленген сеткалы сүзгі

Сүзгінің жұмыс бөлігінің ұзындығы келесі формула бойынша анықталады:

$$L_c = \alpha * \frac{Q}{d} \quad (3.3.3)$$

α - сүзгіш қасиеттерді сипаттайтын коэффициент ($\alpha=50$) d – сүзгінің сыртқы диаметрі (мм).

$$L_c = \frac{60 * 4,5}{114} = 2,3 \text{ м (сүзгінің жұмыс бөлігі)} \quad (3.3.4)$$

$$L_{\text{ұнғ}} = 2 + 7 + 2,3 = 11,3 \text{ м.} \quad (3.3.5)$$

Сүзгінің үстінгі бөлігі-2м, тұндырғыш-7м, сүзгінің ұзындығы-11,3м, ұңғыманың тереңдігі 192м, сулы горизонт қалыңдығы-26м.

Эксплуатационды барлау құбырларында сүзгіні құбыр бойына орналастырамыз, себебі ұңғымалар қысқа мерзімде пайдаланылады. Сүзгіні құбыр бойына орналастыру үлкен диаметрлі эксплуатационды құбырларды және жоғары қуатты компрессордан шыққан қысым жоғарыға көтеріп пайдалануға мүмкіндік береді.

Су көтеру механизмдерін таңдау және негіздеу:


Су көтергіштің қандай да бір түрін таңдау мынадай шарттармен айқындалады:

- Ұңғымадағы динамикалық деңгейдің жағдайы;
- Берілген өнімділік;
- Ұңғыманың жұмыс режимі.

Жобада кен орнын алдын ала барлау көзделген эрлифті есептей отырып, эрлифтті пайдалану неғұрлым ұтымды болады. Оны пайдалану үшін эрлифттің негізгі параметрлерін есептеу, содан кейін компрессордың түрін, су көтеру колоннасының тереңдігі мен диаметрін таңдау қажет.

Эрлифт-сығылған ауа беретін компрессор, араластырғыш және ұңғымаға түсірілген екі құбыр бағанасынан тұрады. Бір баған – су көтеру, ал екіншісі – ауа беру.

Компрессордан сығылған ауа су көтеру колоннасының төменгі бөлігіне ауа беретін құбырлар арқылы келіп түседі, онда сумен араласады, ұңғымадағы судың гидростатикалық қысымының әсерінен жоғары көтерілген су-ауа қоспасын құрайды. (Б қосымшасы)



Сурет: 4.2.1.2 - Эрлифттің орналасу сызбасы

Ұңғыма құрылысына негіздеме

Ұңғыма құрылымының негізгі элементтері тереңдігі, диаметрі, ұзындығы болып табылады.

а) ұңғыманың тереңдігін анықтау

Осы учаскедегі зерттелетін сулы горизонттың қуаты 26м. Мұндай жағдайда ұңғыманы тұндырғыштың сүзгіш бағанасының төменгі бөлігінде жайластыру мақсатында 7 м-ден кем емес алады. Осылайша, жобаланатын ұңғыманың есептік тереңдігі тұндырғыштың ұзындығын және бетінен су тірегіне дейінгі қашықтықты білдіреді.

Барлау ұңғымаларының құрылымы:

б) ұңғыманың бастапқы кондуктор диаметрін анықтау

Жоғарыдан жатқан жыныстар жарықшақ жыныстар құмдар және саз ұсынылған және бұрғылау тәсілі айналмалы таңдалғандықтан, онда

ұзындығы 10 м құрайтын кондуктордың болуы көзделген, саздақтардың жату қуатына қарай; қашау диаметрі 243 мм құрайды, шегендеу құбырының диаметрі 219мм.

Ұңғыманың пайдалану диаметрі су көтергіштің диаметрінен алынады, алдын ала барлау сатысында эрлифтті тиімді пайдалану, ауа өткізгіш құбырлардың диаметрі 25 мм-ге тең, себебі Сулы горизонттың қуаты орташа (26 м), ал динамикалық деңгей (3,6 м) тереңдікте орналасқандықтан, сүзгі диаметрі 114 мм, бұрғылау диаметрі 140 мм қашаумен жүргізіледі. Барлау ұңғымаларының құрылымы

Жүргізілетін жұмыстардың шығындарын азайту және сметалық құнын төмендету мақсатында барлау ұңғымаларының конструкциясын шегендеу құбырларының ең аз ықтимал диаметрлерімен және бұрғылаудың неғұрлым қарапайым технологиясымен жобалау ұсынылады.

Жер бетінен ұңғыманы бұрғылап, оған әлсіз (тұрақсыз) жыныстарды немесе судың жоғарғы ағынын жабу үшін және одан әрі бұрғылау кезінде ұңғыма оқпанының тік бағытын құру үшін қызмет ететін кондуктор түседі. Кондукторды түсіргеннен кейін цементтеуді (тампотаж) жүргізеді, яғни цемент ерітіндісін шегендеу құбырлары арқылы олардың және ұңғыма қабырғаларының арасындағы сақиналы кеңістікке айдайды.

(В Қосымшасы)

Ұңғыманы тампожауда

Скважиналарды тампожаудың басты мақсаты су тұтқыш горизонттарды оқшаулау болып табылады.

Ұңғыманы суға бұрғылау кезінде тампожауда жоғарыда орналасқан пайдаланылмайтын су тұтқыш деңгейжиектерден пайдалану деңгейжиегін оқшаулау және оны ластанған жер үсті суларынан сақтау үшін үлкен маңызға ие.

Скважиналарды тампондаудың екі жолы бар: тұрақты және уақытша.

Барлау сатысы алдын ала болып табылатындықтан, сулы горизонт жарылған жыныстар болып табылатындығынан, сондай-ақ ұңғымалар мақсаты бойынша барлау болып табылатындығынан, ұңғыманың қабырғаларын сақтау мақсатында уақытша тампондау пайдаланылатын болады. Үнемділік мақсатында сазды тампожауда қолданылады.

Осы тәсілмен жер асты сулары мен жуу сұйықтығының айналымдарының алдын алу мақсатында құбыр сыртындағы кеңістікті оқшаулау жүргізіледі. Кенжарда тұтқыр саз болмаған жағдайда немесе оның қабатының аздаған қуаты кезінде ұңғымаға диаметрі 5-7 см балшық шағын бөліктерімен лақтырады. Кейбір жағдайларда шегендеу құбырлары колонналарының құбыр сыртындағы кеңістігіне балшықты қысу үшін конустық тығынмен жабылады. Тампотаж аяқталғаннан кейін тығынды бұрғылайды.

Бұрғылау қондырғысы негізінен:


- бұрғылаудың бастапқы және соңғы диаметрі
- ұңғыманың тереңдігіне

-жыныстың физико-механикалық қасиетіне
-суландыру, балшықтану және энергияландыру жағдайына
байланысты

-құлау бұрышына байланысты таңдалады.

1БА-15В бұрғылау агрегатының кинематикалық сұлбасы суретте [2, бет. 49]

келтірілген. Агрегаттың бұрғылау блогы МАЗ-500А автомобилінің шассиінде құрастырылады, мұнда 410 мм өтетін тесігі бар ротор, шығыр, пневмомуфтасы бар жылдамдық қорабы, НБ бұрғылау сорғысы орналасқан, секциялық гидравликалық домкраты бар бұрғылау діңгегі, қуаты 12 кВт генератор, гидравликалық сорғысы бар қуатты іріктеу қорабы, гидро бекіткіш, басқару пульті (ПУ), пневмобарлауға арналған авариялық компрессор.



Сурет: 3.3.- 1БА-15В бұрғылау агрегатының кинематикалық сызбасы

1-ЯМЗ-256 қозғалтқышы; 2, 11, 14, 32 – пневмокамералар; 3- қозғалтқыш беріліс қорабы; 4, 8, 22, 27, 34, 35 – карданды біліктер; 5 – қуатты іріктеу қорабы; 6 – генератор; 7, 10, 25, 29 – клиноремндік берілістер; 9 – бұрғылау сорғысы; 12 - беріліс қорабы; 13 – шығыр; 15 – салмақ индикаторы; 16 – тальді арқан; 17 – жетекші құбыр; 18 – вертлюг; 19-тальді блок; 20-кронблок; 21 – ротор; 23 - шынжырлы беріліс; 24 – гидронасос; 26 – тахогенератор; 28 – авариялық компрессор; 30 – қозғалтқыш компрессоры; 31 – компрессор жетегіне арналған Д-108 қозғалтқышы; 33 – бұрыштық редуктор; 36 – К9М компрессоры.

Сорғы-күштік блогында беріліс қорабы бар ЯМЗ-236 қозғалтқышы, 9МГР-61 немесе 9МГР-73 бұрғылау сорғысы, бұрыштық редуктор, аккумуляторлық жәшік және т. б. орналасқан.

Компрессорлық-күштік блокта ілінісі бар Д-108 қозғалтқышы, сору өндірісіне арналған К9М компрессоры, бұрыштық редуктор, ресивер және т. б. орналасады.

Бұрғылау агрегатында бар механикаландыру құралдарын жеткізу үшін, сондай-ақ бұрғылау қондырғысы механизмдерін басқаруды жеңілдету мақсатында ол пневмо-және гидромеханизмдермен жабдықталған.

Бұрғылау сорғысы мен роторы пневмомуфта көмегімен бұрғылаушының басқару пультінен қосылады. Фрикцион және шығыр тежегішінде қоныдырғы компрессорынан немесе авариялық компрессордан жетек алатын пневмокүшейткіштер болады. (Г Қосымшасы)

Бұрғылау технологиясы

Дайындық жұмыстары бұрғылау қондырғысын (снарядты) тиісті жете жинақтау мен монтаждаудан тұрады. Ұңғымаларды бұрғылау ұзындығы 30 метр бағыттаушы құбырдың алдын ала өткен шурфына орнатудан басталады. Қашаудың түрі мен өлшемі жыныстардың қасиеттеріне және бұрғылаудың қажетті диаметрлеріне сәйкес таңдалады. Бұл жағдайда ұңғыманың диаметрін сақтау үшін жағдайды жақсартатын, забойдағы босаудың қарқынды бұзылуына ықпал ететін үш шарошкалы қашау қолданылады.

Бұрғылау кезінде жуу сұйықтығы ретінде тұтқырлығы 25-30 с гипан балшықты ерітіндіні пайдалану ұсынылады.

Орташа қаттылық жыныстарындағы айналу жиілігі осьтік жүктемеге қарағанда ең жоғары қабылданады, бұл бұрғылаудың механикалық тез арада ұлғаюына әкеледі. Бұрғылаудың басталуы ең аз осьтік жүктеме кезінде жүргізіледі, ол біртіндеп қажетті мәндерге дейін артады.

Бұрғылаудың техникалық режимінің параметрлері әрбір бойынша және қолданылатын қашаудың түрі үшін әзірленеді және ұңғыманы салу кезінде бұрғылау ұңғымасын басшылыққа алатын негізгі құжат болып табылатын геологиялық-техникалық нарядқа енгізіледі. Рейске жоғары өту үшін жетекші құбырдан бұрғылау орынды. Бұрғылау снарядтың артық массасын біртіндеп тиеу арқылы жүргізіледі, құралды беру жүкшығырдың тор-мозынан жүзеге асырылады. Аспаптарға негізгі осьтік жүктеме АБҚ пайдалану есебінен құрылады. Осьтік жүктемені реттеу арқанның қозғалмайтын шетіне қосылған Аспаптар (динамометр) бойынша жүзеге асырылады. АБҚ салмағы осьтік жүктемеден 25% - ға артық болуы тиіс. АБҚ бұрғылау құбырларының жұмыс жағдайын жеңілдетеді. [10, бет.193] Роторлы бұрғылауда осьтік салмақты реттей алмайтындықтан, снаряд құрамына ауырлатылған бұрғылау құбырларын қолданады (АБҚ). АБҚ қашауға осьтік салмақ түсіру үшін және бұрғылау колонналарына қаттылық беру қызметін атқарады. Қашауды АБҚ-ға жалғау үшін арнайы өзгерткіштер қолданылады.

АБҚ диаметрі мына формуламен анықталады:

$$Д_{АБҚ} = (0.8 - 0.9) \cdot D_{д.ф} \quad (3.3.5)$$

мұндағы: $D_{д.ф.}$ – қашау диаметрі.

$$D_{абқ} = 0.8 \cdot 243 = 194,4 \text{ мм} = 159 \text{ мм}$$

$$D_{абқ} = 0.8 \cdot 190 = 152 \text{ мм} = 159 \text{ мм}$$

$$D_{абқ} = 0.8 \cdot 140 = 112 \text{ мм} = 114 \text{ мм}$$

Диаметрі 159, 114мм ауырлатылған бұрғылау құбырларын кестеге сай таңдаймын (АБҚ) таңдаймын. (Д Қосымшасы)

Керінсіз бұрғылағанда осьтік жүктеме келесі формуламен анықталады:

$$P = P_0 \cdot D_{д}; \quad (3.3.6)$$

P_0 – шорошкалы долотаға (С.М. Башлык Г.Т. Загибайло 4.2.1.2 кесте/278 бет)

М	1,5-2,5
С	2,0-3,5
Т	2,0-4,0
ТК	2,0-4,5
К және ОК	2,5-4,5

$$P_0 = 1,5 \div 2,5 \text{ Кн}; \quad (3.3.7)$$

$D_{д}$ -қашаудың диаметрі.(мм)

ТКЗ-243 қашауы:

$$P = 1,5 \cdot 24,3 = 36,4 \text{ кН}$$

$$P = 2,5 \cdot 24,3 = 60,7 \text{ кН}$$

ТКЗ-190М қашауы:

$$P = 1,5 \cdot 19,0 = 28,5 \text{ кН}$$

$$P = 2,5 \cdot 19,0 = 47,5 \text{ кН}$$

ВК 140С қашауы:

$$P = 1,5 \cdot 14,0 = 21 \text{ кН}$$

$$P = 2,5 \cdot 14,0 = 35 \text{ кН}$$

Жуу сұйығының шығыны мына формуламен анықталады:

$$Q = U_{ж} \cdot F \quad (3.3.8)$$

мұнда: $U_{ж}$ - жуу сұйықтығының бастапқы жылдамдығы $U_{ж}=0,6\div 0,8$ м/сек

F –ұңғыма қабырғасы мен бұрғылау құбырларының арасындағы сақиналы кеңістік аймағы, m^2

Келесі формуламен анықталады.

$$F = \frac{\pi}{4} * (D^2 - d^2); \quad (3.3.9)$$

мұнда:

D - бұрғылау қашауының диаметрі

d - бұрғылау құбырының диаметрі.

1.2.1.1.1 ТКЗ-243М

$$1.3 F = 0.785 * (243 - 73) = 133,4$$

1.3.1.1.1 ТКЗ-190М

$$1.4 F = 0.785 * (190 - 73) = 91,8$$

1.4.1.1.1.1 ВК 140С

$$1.5 F = 0.785 * (140 - 73) = 52,6$$

1.5.1.1 ТКЗ-243М

$$2. Q = 0.6 * 133,4 = 80,04 \text{ л/мин}$$

$$2.2 Q = 0.8 * 133,4 = 106,7 \text{ л/мин}$$

2.2.1.1 ТКЗ-190М

$$2.2.2 Q = 0.6 * 91,8 = 55,1 \text{ л/мин}$$

$$2.2.3 Q = 0.8 * 91,8 = 73,4 \text{ л/мин}$$

2.2.3.1.1.1 ВК 140С

$$3. Q = 0.6 * 52,6 = 31,5 \text{ л/мин}$$

$$4. Q = 0.8 * 52,6 = 42,1 \text{ л/мин}$$

Кесте: 3.3.1-Бұрғылау жұмыстары үшін таңдалған қашау түрлері

Қашау түрі	Остік салмақ, кН		Айналу жиілігі айн/мин		Жуу сұйықтығының шығыны, л/мин	
	Қашудың 1 см диаметрі	Қашауға	Айналу жыл-ғы	Айналу жиілігі	Бастапқы шығынның жыл-ғы	Шығынның жыл-ғы
ТКЗ-243М	1,5-2,5	36,4-60,7	0,8/1,2	63-94	,6-0,8	80,04-106,7
ТКЗ-190М	1,5-2,5	28,5-47,5	0,8/1,2	80,4-120,7	,6-0,8	55,1-73,4
ВК -140С	1,5-2,5	21-35	0,8/1,2	109,2-163,8	,6-0,8	31,5-42,1

Жоғарыдағы есептеулер бойынша бұрғылау режимдерін әр диаметрге өткен сайын ауыстырып өзгертіп отырамын. Жоба бойынша ұңғыма 2 диаметр бойынша бұрғыланады. Олар келесідей:

1. Ұңғыманы бұрғылап бастағанда 5 метр тереңдікке дейін кандуктор ТКЗ-243М қашауын қолдана отырып бұрғылаймын. Бастапқы диаметрді бұрғылау барысында бұрғылау режимі келесідей болады: айналу жиілігі – 63-94 айн/мин, жуу сұйықтығын $Q = 80,04-106,7$ л/мин береміз. Осьтік жүктеме $P = 36,4-60,7$ кН

2. Ұңғыманы бұрғылап бастағанда 100 метр тереңдікке дейін шегендеуші ТКЗ-

190М қашауын қолдана отырып бұрғылаймын. Бастапқы диаметрді бұрғылау барысында бұрғылау режимі келесідей болады: айналу жиілігі– 80,4-120,7 айн/мин, жуу сұйықтығын $Q = 55,1-73,4$ л/мин береміз. Осьтік жүктеме $P = 28,5-47,5$ кН

3. Эксплуатационды колонна астын 87 метрден тереңдікке дейін опока жынысын бұрғылағанда ВК 140С қашауымен бұрғыланады. $P=21-35$ кН осьтік жүктеме береміз. Айналу жиілігі $n=109,2-163,8$ айн/мин, жуу сұйықтығы $Q= 31,5-42,1$ л/мин береміз.

Бұрғылау жұмыстарының көлемі: $2_{\text{ұңғ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$

3.4. Геофизикалық жұмыстар

Мақсаттары:

Геофизикалық жұмыстың мақсаты қиманы зерттеу немесе геологиялық барлау жұмыстарының минималды санын зерттемей гидрогеологиялық жағдайларды зерттеу болып табылады.

Тапсырмалар:

1. қималардың литологиялық кесілуі;
2. сулы горизонт қалыңдығын анықтау;
3. қабаттар құрылымын анықтау;
4. қабатың су өткізгіштігін анықтау;

Ұңғымаларды бұрғылау бір мезгілдегі шегендеуді қамтитын болғандықтан, сондай-ақ геологиялық барлаудың толық кезеңіне негізделген роторлы тәсілмен жүзеге асырылатындықтан, барлаудың барлық қолжетімді әдістерінен гамма-сәулелерді тіркеуді қолдану, ең қолайлы болып табылады. Тек гамма сәулелері ғана шегендеу құбырларының қабырғаларына ене алады.

1. Геофизикалық жұмыстардың ұтымды кешені үшін негіздеме
Геофизикалық зерттеудің ұтымды кешенінің негіздемесі қойылған міндеттермен анықталады және учаскенің құрылымдық, геологиялық, геоморфологиялық, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық ерекшеліктеріне және тапсырманы шешудің экологиялық тиімділігіне байланысты.

Геологиялық барлаудың алдын-ала кезеңіне, сондай-ақ роторлы бұрғылау әдісіне негізделген келесі ең тиімді геофизикалық жұмыстар жиынтығы:

- ТЭЗ
- Расходометрия
- Инклинометрия
- Гамма каротаж
- электрикалық каротаж (КК, ОП);
- шығындауметрия;

2. Гамма-каротаж әдісімен геофизикалық операцияларды жүргізудің сипаттамасы.

ТЭЗ әдісі. Тік электрлік зондылау әдісі тау жыныстарының кедергісінің тереңдігіне өзгерістерді зерттеу үшін қолданылады. Жұмыстар жиі симметриялы төрт электродты АМNB қондырғысы арқылы жүзеге асырылады, мұнда АВ - жер қыртысында электр өрісін жасайтын электродтар, кернеудің төмендеуін өлшейтін MN-жазатын электродтар. MN электродтары осы бөлімнің электрлік картасын алу арқылы АВ-ның бос орынының ішіндегі белгілі бір жүйе арқылы қозғалады. Электрлік зерттеу техникасынан көріп отырғандай, электродтармен жабдықтау электродтары ішіндегі секцияны зерттеу белгілі бір схемаға сәйкес осы интервалда жазу электродтарын жылжыту арқылы жүзеге асырылады. Бұл жұмыстар бір физикалық нүктеде шығарылады. Содан кейін, орнату міндетті түрде бір-бірімен қиылысатын профильдің бойымен өтеді. А\В «ақ нүктені» жою үшін. Мәні А\В электрлік қатынаста жылжиды $A\backslash B = 10\% AB$.

ТЭЗ әдісімен өлшеу нәтижелері әрбір нүкте үшін ТЭЗ қисық сызығы, барлық учаск үшін қисықтардың түрлерінің картасы, әр профильге арналған көрінетін кедергілер секциялары және АВ және электрлік бөліктердің аралықтарын анықтауға арналған қисық жоспарлар түрінде ұсынылған.

$$n = (1 \text{ проф}) / (A' A), \quad (3.4.1)$$

Мұнда, 1 проф – барлық профильдердің ұзындығы


ТЭЗ тереңдік бойынша (тік) тау жыныстарының электр кедергісін анықтайды. Геофизикалық әдістердің Ж.ү/гф зерттеу тереңдігі, ұңғыма тереңдігінен 3-5м тереңірек болады. Жобалық ұңғыма тереңдігі 192м, сонда ж.ү/гф зерттеу тереңдігі

Ж.ү/гф жұмыс көлемі:

$$V = 4 \cdot 197 = 788 \text{ п.м}$$

Жоба 4-электрод симметриялы қондырғысын келесі жабдықпен пайдалануға мүмкіндік береді:

- 1.Қоректендіргіш электродтар
- 2.Қуат көзі - ГДМЦ-6 батареялары; 3.Автокомпенсатор - АЭ-72;
4. Жалғағыш сымдар.



Сурет: 3.4.2.1 - ТЭЗ сызбасы

- АВ- қоректенуші электроды
- MN- тіркеуші электроды
- $H_{Г/φ}$ - ең терең зерттеу қимасы
- А,А' - орнату барысы

$$2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$$

Инклинометрия деп – бұрғылау ұңғымасы оқпанының қисаю бұрышын анықтау үшін қолданады. Геологиялық және техникалық тұрғыдан қарағанда бұрғылау ұңғымасы тік және еңіс бағытта бұрғылығында қолданылады. Еңіс ұңғымалар әдетте тңіз платформаларынан мұнайды шығаруда, бұрғылау мұнарасының орнын ауыстырмай бірнеше мұнай шоғырларын шығаруда, яғни негізгі ұңғымаға бірнеше оқпан қосу үшін бұрғыланады. Рудалық кен орындарда еңіс ұңғымалар тік құлаушы рудалық денелерді барлау кезінде бұрғыланады. Ұңғымалар қисаю бұрышын өлшеу үшін қолданылатын аспап **инклинометр** деп аталады.

$$2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м}$$

Расходометрия деп құбыр ішіне жіберілетін сұйықтықтың жүру жылдамдығын анықтауды айтамыз. Ұңғыма ішіне каротажды кабель арқылы түсірілетін, кейін расходомер атауына ие болған. Олардың көмегімен келесі негізгі міндеттер шешіледі: қолданыстағы ұңғымаларда сұйықтықтың ағыны немесе сіңу аралығы бөлінеді, қалдықтар перфорацияланған қабаттар арасындағы ұңғыма бойындағы сұйықтық ағынының болуын анықтайды, жеке шығындардың жалпы ағыны немесе сұйықтық ағыны зерттеледі;

$$2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.}$$

Гамма каротаж ашылған ұңғымалардың табиғи радиоактивтілігін анықтайды. Ол үшін ұңғыма ішіне түсірілетін аспаптағы гамма сәулеленудің индикаторы пайдаланылады.

Аспап екі зонды нейтрон-нейтрондық каротаж әдісімен жылу нейтрондары бойынша (2ННК-Т) диаметрі 100÷400 мм Ұңғымаларды зерттеуге және екі детекторлы тау жыныстарының табиғи белсенділігін гамма-каротажға (2ГК) арналған

$$2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$$

(Е Қосымшасы)

Электрлік каротаж.

1 Кедергі каротажы әдісі (КК)

КК ұңғымамен қиылысқан жыныстар мен кендердің электрлік кедергілерін анықтау үшін қызмет етеді және физикалық негіздер бойынша көп жағдайда жанасу әдісімен электропрофильдерге ұқсас. Қисық КС интерпретациясы жақсы әзірленген әдіс теориясы негізінде жүргізіледі. КС әдісі тау жынысының литологиялық бөлшектелуін жүргізуге, көп жағдайда мұнай және газды қабаттарды, көмір қабаттарын, кендерді, тас тұздарды және т.б. бөліп алуға, олардың жату тереңдігін, қуатты анықтауға мүмкіндік береді.

2 Өздігінен поляризациялау каротажы (ӨП)

Табиғи электр өрісі әдісімен КАРОТАЖ — ӨП) - электр өрісін зерттеуге негізделген электр каротаж әдісі. электрохим. тау жыныстары мен пайдалы қазбалардың белсенділігі. Ұңғымадағы ҚС потенциалын өлшеу үшін (ҚС әлеуетінің градиенті сирек) ӨП әдістемесіндегі жабдық пен аппаратура қолданылады. ӨП әдісі мұнай, көмір және кен М-лерінде кеңінен қолданылады. ПС ең тұрақты және Елеулі потенциалдарымен кеуекті құмтас, антрацит және полиметал қабаттары сипатталады.

$$2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$$

Жұмыс көлемі:

Ж.ү/гф жұмыс көлемі:

$$V = 4 \cdot 197 = 788 \text{ п.м}$$

электрикалық каротаж: $V=2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$

гамма-каротаж: $V= 2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$

кавернометрия: $V= 2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$

расходометрия: $V= 2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$

резистивиметрия: $V= 2_{\text{ҰНГ}} * 192 \text{ м} = 384 \text{ п.м.}$

3.5. Тәжірибелі сүзу жұмыстары

Мақсаты: Сулы горизонттың сапалық және сандық параметрлерін анықтау және алу

Міндеттері: Жер асты суларының сапасын сипаттайтын химиялық, бактериологиялық және басқа қасиеттерді алу, сулы қабаттардың гидрогеологиялық параметрлерін, аэрация қабатындағы жыныстарын анықтау.

1.Тәжірибелік сүзу жұмыстарының түрлері:

Саздан тазарту – ұңғыманы бұрғылау кезінде ұңғымалардың қабырғаларын шығаруды қарастырады. Ұңғымалардың қабырғаларын 3 г/см-ге таза сумен жуу арқылы сулы горизонтты жандандыру мақсатында жүзеге асырылады.

Сумен тазарту- Айдау кенжарды шламнан, ыдырау өнімдерінен тазарту және табиғи сүзгіні қалыптастыру үшін қажет. Ұңғыманы айдау ауыспалы дебит кезінде жүргізіледі, дебиттің өзгеруі 0-ден максимумға дейін күрт және кері жүргізіледі, бұл сүзгі аймағында табиғи сүзгіні қалыптастыра отырып, жыныстардың бөлшектерін қайта бөле отырып, судың турбуленттік қозғалысын жасайды.

Айдау үшін лас, лас суды соруға арналған эрлифтті пайдалану ұсынылады. Сору кезінде алынған нәтижелердің сенімділігі едәуір дәрежеде ұңғыманы айдаудың мұқият болуына байланысты болады.

Жеке су тарту– жер асты суларының шығынының төмендеуі арқылы (судың қалпына келуін барлау нәтижесінде) судың сүзулу қабілетін анықтау үшін жүзеге асырылады.

2.Тәжірибелі жұмыстардың ұзақтылығы

Тәжірибелік жұмыстар ұзақтылығы – ұңғымадағы судың деңгейінің тұрақтануына байланысты болып келеді. Сулы горизонт жыныстары құмдармен көрсетілгеннен орташа сүзу жылдамдығы 30,9 м/тәул,

- Саздан тазарту
- 2ұңғыма * 3 бр/ауысым =6 бр/ауысым
- Сумен тазарту
- Тәжірибелік сынамалы;
- 2ұңғыма * 5 бр/ауысым =10 бр/ауысым
- Тәжірибелік жеке
- 2ұңғымадан*34 бр/ауысым=68 бр/ауысым

Тәжірибелік шоқты су тарту жеке су тарту кезінде жақсы гидрогеологиялық параметрлер анықталған ұңғыма бойынша жүргізіледі. Шоқты су тарту ұңғымасының яғни, орталық ұңғыманың жанына ағын бағытына қарама қарсыжәне ағын бағытының бойымен бір-бірден бақылау ұңғымалары бұрғыланады. Бақылау ұңғымаларының ара қашықтығы полуэмпирикалық әдіспен В.Г. Самсонов формуласы арқылы анықталады:

$$R_1=(0,7 \div 1)m \quad (3.5.1)$$


$$R_1=(0,7 \div 1)63=44,1 \text{ м}$$

$$R_2=r_1 * \alpha^{n-1}=44,1 * 2,5^{2-1}=110,5$$

Мұнда, r_1 – бірінші бақылау ұңғымасына дейінгі қашықтық; n – бақылау ұңғымасының номері;

α – сандық талдау жолымен таңдалған және арынсыз сулы горизонттар үшін коэффициент 1,5 тең [3, 131бет], арынды үшін – 2,5

m – сулы горизонттың орташа қалыңдығы; шоқтың сызбасы:



Сурет: 4.2.3. - Ұңғымалардың орналасуы

3. Тәжірибелік жұмыстар әдістемесі.

Деглинизация – ұңғыманы бұрғылау кезінде ұңғымалардың қабырғаларын шығаруды қарастырады. Ұңғымалардың қабырғаларын 3 г/см-ге таза сумен жуу арқылы сулы горизонтты жандандыру мақсатында жүзеге асырылады.

Жеке су тарту– жер асты суларының шығынының төмендеуі арқылы (судың қалпына келуін барлау нәтижесінде) судың сүзулу қабілетін анықтау үшін жүзеге асырылады.

Геологиялық барлау жұмыстарының (алдын-ала кезеңнің) жеке су тарту бойынша, бір сорғы арқылы іріктелген ұңғымалардың жалпы саны 2 ұңғыма болады (барлық ұңғымалар). Сорғыту екі саты бойынша жүзеге асырылады, ұзақтылығы 12 күн

4. Құрал-жабдық

Atlas Copco XAS 38 компрессормен су айдау кезінде осы шарттар үшін ең тиімді, қолайлы жабдықты таңдау қажет:

